

Түзгенін білім алаңыз, игілігін көресіз. Ойды ортаға салаңыз, елге пайда бересіз.



№22 (346)
30 қараша, 2020 жыл

МАҢҒЫСТАУ МҰҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым 2006 жылдың 6 мамырынан бастап шыға бастады

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗДІ МАРАПАТТАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

2019 жылдың 18 ақпанынан бастап Маңғыстау облысының мұғалімдері British Council (Британдық кеңес) Лестер Университетімен серіктестікте және ЖШС «Теңізшевройл» (ТШО) компаниясының қолдауымен ұйымдастырылған білім беру бағдарламасына қатысып дәріс алды.

Ақтау қаласы мен Түпқараған, Қаракия және Бейнеу, Мұнайлы аудандарының мектептерінің, колледждерінің және Ш.Есенов университетінің педагогтері мен «Өрлеу» БАҰО» АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалының тренерлері қатысқан жоба мәресіне жетіп, бүгін, 13 қараша күні, YouTube каналында тікелей эфирде жобаны сәтті аяқтаған



педагогтерді марапаттау рәсімі болып өтті. Бағдарламаның ең белсенді және талантты мұғалімдеріне әртүрлі аталымдар бойынша сертификаттар тапсырылды.

Әріптестеріміз Рысгүл Нұрова «Commitment to the Project», Айымгүл Елубаева «Best Jigsaw activity» номинациясын жеңіп алды.

Әріптестерімізді марапаттарымен құттықтаймыз!!!

Роза ЖҮСІПОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау
облысы бойынша ПҚ БАИ-ның PR,
SMM-мамаы

Жерлес ғалым - зерттеуші С.Қондыбайдың ізімен

«Жас саяхатшы» облыстық байқауы

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 13 қараша күні жасөспірімдерді патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелей отырып, туризмге еңбегі сіңген қайраткерлерді ұлттың тұту арқылы Отанды сүйу, туристік - өлкетану қызметін жандандыру және насихаттау мақсатында, жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында, «Жас саяхатшы» облыстық қашықтық байқауын ұйымдастырды.

Байқауда 6 команда ереже талаптарына сәйкес, «Қалдырған ізің мәңгілік» іздеу-зерттеу жұмыстары номинациясында С.Қондыбайдың «Маңғыстау-нама» кітабы бойынша Маңғыстау жерлеріне экспедиция



жұмыстарын ұйымдастырса, «Ескерткіштер сөйлейді» номинациясында табиғи ескерткіштерге сипаттама бере отырып, өлке аумағындағы

табиғи ескерткіштердің орналасу карталарын ұсынды. Барлығы 12 жұмыс қаралды.

Қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар: I орын – Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің «Айрақты», II орын – Мұнайлы ауданы, №4 жалпы орта білім беру мектебінің «Сиях-құх», III орын –



Ақтау қаласы, IT мектеп-лицейінің «IT Safari» және Жанаөзен қаласы, мектеп-гимназиясының «Жас туристтер», IV орын – Мұнайлы ауданы, №6 жалпы орта білім беру мектебінің «Жас саяхатшы» топтарына берілді. Қатысушылар орталықтың дипломдарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Жанар НУГИМАНОВА,
Облыстық балалар мен
жасөспірімдер туризмі
орталығының
Туризм-өлкетану бөлімінің
жетекшісі,
Ақтау қаласы



ORLEU TALKS. Вебинар:

Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: Белсенді оқу. Саралап оқытуды ұйымдастыру

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ тренеры Ардақ Сисенованың ұйымдастыруымен 10 қараша күні «Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: белсенді оқу. Саралап оқытуды ұйымдастыру» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған вебинар



өтті. Вебинарға қатысушылар белсенді оқу және саралап оқыту бойынша білімдерін толықтырып, бір-бірімен пікір алмасып, тәжірибелерін ортаға салды.

Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығы мен қызығушылығына тікелей байланысты. Осы орайда оқу үдерісінде саралап оқыту мен белсенді оқу әдістерін қолданудың тиімділігіне бүгінгі күні көз жеткізіп отырмыз. Белсенді оқудың тиімділігі білім алу үрдісінде оқушының жеке көзқарасы мен басқалардың пікірімен санаса білу мәдениеті қалыптасады.

Саралап оқытуды ұйымдастыру жөнінде «И.Сүйеубаев атындағы №8 ЖББОМ» КММ мұғалімі Нұршағұл Кенжеханова өз тәжірибесімен бөліссе, «Ақтау қалалық №23 ЖББОМ» КММ мұғалімі Гүлжайна Қошимова белсенді оқу әдістерін сабақ үдерісінде қолдану арқылы үлкен нәтижеге жетіп жүргендігі туралы айтып, әріптес-

САРАЛАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Жұптық жұмыс: «Көрініспен бөліс» әдісі



4 МИНУТ

теріне өзінің іс-тәжірибесін көрсетті.

Айнұр КЕМАЛОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ-ның PR, SMM-маманы

Кітап – білім бұлағы

кеңесінің төртінші отырысында айтқан «Кітап арқылы қоршаған әлемді тануға деген қызығушылық балалардың бойында мектеп қабырғасынан бастап қалыптасуы керек, ал кітапхана осы қызығушылықты дамытушы орын, балаларды таңғажайып кітап әлеміне жетелеуші орын болуы тиіс» деген сөзін және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының дайындаған «Оқуға құштар мектеп» жол картасы жобасын Маңғыстау облысының кітапханашылары қолдайтыны айтылды.

Семинарға «Өрлеу» БАҰО» АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалының кітапхана ісінің бас маманы Ақкүршім Өтебаева қатысып, қазіргі ақпарат пен білімнен құралған заманда баланың жетіліп, дамуында, қалыптасуында кітапхананың маңызы өте зор екендігін айтып, балаларды кітап



оқуға баулуға өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Айымгүл ЕЛУБАЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ-ның баспа жұмыстары жөніндегі бас маман

«Мектеп үйірмесі – 2020» облыстық байқауы

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 9 қараша күні жалпы және қосымша білім беру ұйымдарындағы экология, туризм және өлкетану бағытындағы үйірме жұмыстарын жетілдіру, қосымша қызмет сапасын арттыру, үйірме жетекшілерінің озат іс-тәжірибелерін тарату мақсатында, үйірме жетекшілері арасында, «Мектеп үйірмесі – 2020» облыстық қашықтық байқауын ұйымдастырды.

Байқауда 12 қатысушының ереже талаптарына сәйкес, үйірме жұмысының портфолиосы мен бейнематериалдары (таныстырылым, үздік сабағы, үйірме туралы қоғамдық пікір, жетекшінің өнері), «Үйірме жұмысы арқылы оқушы бойына рухани-адамгершілік және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыру жолдары» тақырыбындағы бапидама жұмыстары қаралды.

Қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар: «Экология» бағытынан II орын – Маңғыстау



ауданы, Өтеес орта мектебінің, «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі Кемалова Саясатқа, III орын – Қарақия ауданы, №4 орта мектебінің, «Жасыл әлем гажантары» үйірмесінің жетекшісі Эрке Тілектес пен Мұнайлы ауданы, №10 орта мектебінің «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі Сайлау Райымбекке; «Туризм» бағыты бойынша: I орын –

Жаңаөзен қаласы, №8 орта мектебінің, «Жас турист» үйірмесінің жетекшісі, Ниязғамбетова Шолпанға, II орын – Маңғыстау ауданы, Е.Айшуақұлы атындағы орта мектептің «Хан тәңірі» туризм үйірмесінің жетекшісі Тенізбаева Меруертке; «Өлкетану» бағытынан II орын – Мұнайлы ауданы, №5



орта мектебінің, «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі Кеңесбаева Шамсикамарға, III орын – Ақтау қаласы, С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебінің, «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі Болатбекова Гүлнұрға берілді. Қатысушылар орталықтың дипломдарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Назгүл РҮСТЕМОВА,
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы Экология – биология бөлімінің әдіскері, Ақтау қаласы